

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2020-2021 оқу жылындағы кезекті Академиялық комитет
отырысының ҚАУЛЫЛАРЫ № 6

Түркістан қаласы

15 қаңтар 2020 жыл

Өткізілетін орын: *(Онлайн режиміндегі Google Hangouts арқылы өткізілген)*

Өткізілетін уақыты: 2020 жылдың 15 қаңтары, сағат 15:00

Кеңес мүшелері – 45

Қатысқандар: 45, келмегендер: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1.ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау *(Баяндамашы Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы Е.Шахабаев, Жауапты: Факультет декандар).*

2.Қашықтан оқыту технологиясын қолданып оқыту, сабақтар жүргізу, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы *(Баяндамашы Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы Е.Шахабаев, Жауапты: Факультет декандар).*

3.2021-2022 оқу жылында университеттің БББ-н Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне (реестрге) өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарын бекіту *(Баяндамашы Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы Е.Шахабаев, Жауапты: Факультет декандар).*

4.ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы *(Баяндамашы: Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығы С.Мухиддинова; Жауапты: Факультет, жоғары мектеп декандары.)*

5. ББ 2019-2020 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау *(Баяндамашы: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы Е.Шахабаев, Жауапты: Факультет, жоғары мектеп декандары.)*

6.2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмыс индикаторлары бойынша жарты жылдық есебін беру *(Баяндамашылар: Факультет, жоғары мектеп декандары. Жауапты: Академиялық мәселелері жөнінде департамент)*

7.Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру *(Баяндамашылар: Факультет, жоғары мектеп*

декандары, Білім алушыларға қызмет көрсету орталығы)

8.Әртүрлі мәселелер:

8.1. ҚР Бж ҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2019» грант иегерлерінің есебін тындау, Сенат мәжілісінде қарауға ұсыну (*Жауапты: грант иегерлері*):

8.1.1.Әлеуметтану ғылымдар факультеті, Қоғамдық ғылымдар кафедрасының филос.ғ.к., қауымдастырылған профессоры Балтабаева Алена Юлдашқызы;

8.1.2.Инженерия факультетінің деканы, PhD, қауымдастырылған профессор Сапарходжаев Нурбек Пажарбекович;

8.1.3.Жаралытыстану факультеті, Экология және химия кафедрасының профессоры Мейірбеков Әбділдә.

8.1.4.Жаратылыстану факультеті, Математика кафедрасының ф.-м.ғ.к.доцент. м.а. Назарова Күлзина Жаркинбековна;

8.1.5.Жаратылыстану факультеті, Биология кафедрасының доцент. м.а. PhD Салыбекова Нұрдана Нұртайқызы;

8.1.6. Стоматология факультеті, Зертханалық пәндер кафедрның доценті, хим.ғ.к. Мамырбекова Айжан Көмекбаевна.

8.2.Университет ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту туралы (*Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы Е.Шахабаев*).

8.3. Аға оқытушылыққа ұсыну туралы (Факультет декандары):

8.3.1.Дайындық факультеті, «Қазақ, орыс тілдері» кафедрасының оқытышысы Ү.Ыбыраева;

8.3.2.Дайындық факультеті, «Қазақ, орыс тілдері» кафедрасының оқытышысы Ж.Базарова;

8.3.3.Әлеуметтік ғылымдар факультеті, «Туризм» кафедрасының оқытушысы А.Исаева;

8.3.4.Филология факультеті, «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының магистр оқытушысы. Д. Т. Дадашов

8.4. «Оқытушы – студент көзімен»сауалнама сұрақтарын бекіту (Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы Е.Шахабаев

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1.ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелері назарға алынсын.

1.2.Әдістемені жақсы меңгерген, тәжірибелері мол оқытушылардың сабақтарын үлгі ретінде қолданып, инновациялық әдістері мен технологияларын қолданатын оқытушылар үлесін арттыру іске асырылсын.

1.3.Жауапкершілік факультет декандары, кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1. Қашықтан оқыту технологиясын қолданып оқыту барысында жоспарланған ашық сабақтар жүргізуге, өзара сабаққа ену және педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы ішкі әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізуге жүргізілген мониторинг нәтижелері назарға алынсын.

2.2. Ағымдағы оқу жылының 2 семестрінде қашықтан оқытылатын білімгерлер үшін білім беру порталының контентінің университетте бекітілген чек-парақшалары талаптарына сай және мерзімінде жүктелуі қамтамасыз етілсін. Жауапкершілік кафедра меңгерушілері, факультет декандарына жүктелсін.

2.3. Факультеттерде орнатылған Смарт тақтаны (Plash экран PROBoard) қолданып бейнедәріс және басқа материалдар дайындау іске асырылсын.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1. Факультеттердің / жоғары мектептің Реестрдегі Білім беру бағдарлама - ларына өзгеріс енгізу және жаңа Білім беру бағдарламаларын енгізу жоспарлары бекітілсін.

3.2. Жоспарлардың іске асырылуын қадағалау кафедра меңгерушілері мен факультет декандарына жүктелсін.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша**Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.1. Кәсіптік практика құжаттары (келісім-шарты, бағдарламасы, жұмыс жоспар-кестелері, жолдамасы, күнделігі және т.б.) ережеге сәйкес дайындалсын, білім алушылар әдістемелік құжаттармен толық tng2.ayu.edu.kz базасында қамтамасыз етілсін және білім алушылардың практикадан өтуін қадағалау мақсатында университеттен бекітілген жетекшілері практика өту кезінде мекемемен онлайн, оффлайн түрде тығыз байланыс жасасын (*жауапты - декандар, жоғары мектеп директоры, кафедра меңгерушілері және бағдарлама жетекшілері, кәсіптік практика жетекшілері*);

4.2. Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларындағы кәсіптік практикалары бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы қатаң қадағалансын (*жауапты – декандар, жоғары мектеп директоры және кафедра меңгерушілері, бағдарлама жетекшілері, Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығы*);

4.3. Барлық білім беру бағдарламалары бойынша кәсіптік практика өтетін мекемелерден негізгі базалық мекемелер анықталсын және факультет бойынша тізімі бекітілсін (*жауапты – декандар, жоғары мектеп директоры және кафедра меңгерушілері, бағдарлама жетекшілері*);

4.4. Келісім-шарттар жаңартылсын және жаңадан ірі кәсіпорын, мекеме, ұйымдарымен келісім-шарттары толықтырылсын (*жауапты – кафедра меңгерушілері, бағдарлама жетекшілері*);

4.5. Бітіруші курс білім алушыларының республика деңгейінде өндірістік практикадан өтуге жіберілген мекемелеріне оқуын бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігін қарастыру мақсатында сол мекемелермен іс-шаралар ұйымдастырылсын (*жауапты - декандар, жоғары мектеп директоры және кафедра меңгерушілері, бағдарлама жетекшілері, Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығы*);

4.6. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына 5-қосымшасының 55-тармағы, университет кадрларды даярлау бағыты бойынша бітіру жылы ішінде түлектердің кемінде 50%-ын, Педагогика ғылымдары түлектерінің 60%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету іс-шаралары ұйымдастырылсын және университет Стратегиялық жоспары бойынша 80%-ын (грантпен бітіргендердің 91%-ын) жұмысқа орналастыру көрсеткіші қадағалансын (*жауапты – декандар, кафедра меңгерушілері, бағдарлама жетекшілері, кәсіптік практика жетекшілері, Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығы*).

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.1. Республика бойынша білім беру бағдарламаларының Рейтингі нәтижелері назарға алынсын.

5.2. Университет кафедраларында тиісті ББ бойынша терең талдаулар жүргізіліп, келесі жылғы ББ Рейтингісіне дайындық жоспары жасалып бекітілсін. Жауапты кафедра меңгерушілері, факультет декандары.

5.3. Келесі Академиялық комитет отырысында толықтырулармен қарауға қалдырылсын.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

6. 2019-2023 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмыс индикаторлары бойынша жарты жылдық есебі келесі академиялық комитет отырысына қалдырылсын.

Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша

Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

7.1 Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатындағы сауалнамалар ұйымдастыру мәселесі бойынша мәліметтер назарға алынсын.

7.2 Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына сауалнама жүргізу Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасымен Педагог

мамандарды дайындаудың бірлескен Жол картасы негізінде ұйымдастырылсын. Жауапкершілік Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы Е.Шахабаевқа жүктелсін.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің бірінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

8.1. ҚР Бж ҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2019» грант иегерлерінің есебін тыңдау, Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын:

8.1.1.Әлеуметтану ғылымдар факультеті, Қоғамдық ғылымдар кафедрасының филос.ғ.к., қауымдастырылған профессоры Балтабаева Алена Юлдашқызы;

8.1.2.Инженерия факультетінің деканы, PhD, қауымдастырылған профессор Сапарходжаев Нурбек Пажарбекович;

8.1.3.Жаралытыстану факультеті, Экология және химия кафедрасының профессоры Мейірбеков Әбділдә.

8.1.4.Жаратылыстану факультеті, Математика кафедрасының ф.-м.ғ.к.доцент. м.а. Назарова Күлзина Жаркинбековна;

8.1.5.Жаратылыстану факультеті, Биология кафедрасының доцент. м.а. PhD Салыбекова Нұрдана Нұртайқызы;

8.1.6. Стоматология факультеті, Зертханалық пәндер кафедрның доценті, хим.ғ.к. Мамырбекова Айжан Көмекбаевна.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің екінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

8.2. Төмендегі ұсынылған Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға ұсыну үшін (өз есебінен шығаруға) бекітілсін және баспаға ұсынылсын:

8.1.1.Әлем тілдері кафедрасынан авторлар профессор Г.Т.Мұсабекова, Б.Ә.Жолдасбекованың «Жоғарғы мектеп педагогикасы» оқулығы.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің үшінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

8.3. Өндірістік қажеттілікке және құжаттары «Аға оқытушы лауазымына ауыстыру Ережесіне» сай болғандықтан факультеттерден ұсынылған төменде кестеде аты-жөні көрсетілген оқытушыларын аға оқытушы лауазымына ауыстыру үшін кезекті Сенат мәжілісінде қарау ұсынылсын:

№	Оқытушылардың аты-жөні	Факультеті	Кафедрасы	қыметі
1	Ү.Ыбыраева	Дайындық факультеті	Қазақ, орыс тілдері	Магистр-оқытушы

2	Ж.Базарова	Дайындық факультеті	Қазақ, орыс тілдері	Магистр-оқытушы
3	А.Исаева.	Әлеуметтік ғылымдар факультеті	Туризм	Магистр-оқытушы
4	Дильмурат Дадашов Темирбаевич	Филология факультеті	«Педагогикалық шетел тілдері»	Магистр оқытушы

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің төртінші сұрағы бойынша Академиялық комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

8.4. «Оқытушы – студент көзімен» сауалнама сұрақтарын бекітілсін.

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.

Хатшы

Ж.И.Исаева